



БҰЙРЫҚ

2018ж. 15 тамыз

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 401

город Астана

**Орта білім беру ұйымдарының
5-11 сыныптарында дене тәрбиесінің
әр үшінші сағатында «Футбол
сабағын» сынақтан өткізу туралы**

Өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын одан әрі қалыптастыру бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының 2017 жылғы 10 наурыздағы № 17-698-3 тапсырмасын іске асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары (келісім бойынша) осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес тізім бойынша орта білім беру ұйымдарының 5-11 сыныптарында дене тәрбиесінің әр үшінші сағатында «Футбол сабағын» сынақтан (бұдан әрі – сынақ) өткізсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова):

1) жалпы орта білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушылары үшін дене шынықтыру сабақтарында футбол бойынша әдістемелік құралдарға сәйкес сынақтың өткізілуін үйлестіруді;

2) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Сағадиев